



ASTANA
INTERNATIONAL
UNIVERSITY

5-Тақырып: Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі.

Аға оқытушы: Сеилханов Ж.Д.



Субъект - бұл қылмыстық құқық бұзушылық жасаған және қылмыстық заңда көрсетілген белгілерге ие адам.

Оны қылмыстық жауаптылыққа тартатын міндетті белгілері - ***жеке тұлға, жасы, ақыл-есінің дұрыстығы (ҚК 15-бабына қараныз).***

Сонымен қатар, ***факультативтік белгісі*** - қылмыстық құқық бұзушылықты арнайы субъектісі. Адам тиісті қылмыстық іс-әрекетті жасауға мүмкіндігі бар белгілі бір сипатқа ие болғандықтан, арнайы субъект ретінде танылады (мәртебе, қызмет түрі, оған жүктелген міндеттер және т.б. - ҚК 3-б. 5), 16), 19), 26), 27), 28), 37) тармақтарына түсіндірмені қараңыз).

Қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып *қоғамға қауіпті іс-әрекет жасаған және заңға сәйкес сол үшін қылмыстық жауаптылықты көтеруге қабілетті адам танылады.* Қылмыстық кодекстің 7, 8, 9-баптарының талаптарына сай Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексінің күші Қазақстан Республикасының азаматтарына, Қазақстан Республикасының аумағындағы азаматтығы жоқ адамдарға, сондай-ақ шетелдіктерге қолданылады. Бұдан туатын қорытынды, қоғамға қауіпті іс-әрекет үшін қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылыққа тек қана тірі адам - азамат тартылады.

Заттар, жануарлар дүниесі, табиғат күштері келтірген зиян үшін олар қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауапқа тартылмайды, яғни бұл аталғандар қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып танылмайды. Егер адам жануарларды немесе табиғи күштерді пайдалану арқылы қасақана немесе абайсыздықпен басқаға зиян келтірсе, онда қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылыққа сол адамның өзі тартылады. Мысалы, қабаған итке адамды қасақана әдейілеп қаптырса, онда сол адам жөнінде қасақана дене жарақатын келтіргені үшін қылмыстық жауаптылық мәселесі қарастырылады, ал мұндай жағдайда ит қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі емес, қылмыстық құқық бұзушылықты істеудің құралы болып табылады.

Қылмыстық жауаптылықтың пайда болу жасы
(ҚР ҚК 15 б. 1 және 2 бб.)

Қылмыстық жауаптылыққа жатады

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта 16 жасқа толған тұлға

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта 14 жасқа толған тұлға

Қылмыстық жауаптылыққа жатады:

99 б., 106, 107б. 2 б., 120, 121, 125, 173, 174, 177, 178, 184, 188 б. 2, 3, 4 б., 191 б. 2, 3, 4 б., 191, 192, 194 б. 2, 3, 4 б., 200 б. 2, 3, 4 б., 202 б. 2, 3 б., 255, 256, 257, 258, 269, 273, 291, 293 б. 2, 3 б., 294, 298, 314 б. 2 б., 314, 350 баптарында көзделген қылмыстық құқық бұзушылықтар үшін

Жаңа Қылмыстық кодекстің 15-бабында (1-бөлігі) «есі дұрыс, 16-жасқа толған жеке тұлға ғана қылмыстық жауапқа тартылуға тиіс» деп тура айтылған. Осыған орай, яғни қылмыстық құқық бұзушылық субъектісі болып тек қана *жеке тұлға - адам саналады*. Бұл субъектінің бірінші белгісі болып табылады.

Қылмыстық заң қылмыстық құқық бұзушылық үшін жауаптылыққа өзінің істеген іс- әрекетіне есеп бере алатын және өзін-өзі басқаруға қабілеті бар адамды, яғни *есі дұрыс адамды ғана тарта алады*.

Адам қоғамға қауіпті іс-әрекет істеген кезде өзінің іс-әрекетіне есеп бере алмаса, яғни қылмыстық құқық бұзушылықты есі дұрыс емес күйде істесе, онда ол адамның іс-әрекетінде кінәнің екі нысаны: қасақаналық пен абайсыздық жоқ деп есептеледі. Қоғамға қауіпті іс-әрекетін ұғынып, оның мағынасына жетіп, ақылмен, естілікпен істеген есі дұрыс адам ғана қылмыстық құқық бұзушылық үшін *кінәлі деп танылады*.

ҚЫЛМЫСТЫҚ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ СУБЪЕКТІСІНІҢ ЖАЛПЫ БЕЛГІЛЕРІ (ҚР ҚК 15 б.)



Есі дұрыс еместіктің критерийлері (ҚР ҚК 16 б.)

Заңи (психологиялық)

Медициналық
(биологиялық)

Белгілері

Белгілері

Тұлғаның өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігі мен нақты сипатын түсіну мүмкіндігінің болмауы (интеллектуалды кезең)

Созылмалы психикалық бұзушылық (мысалы, шизофрения, эпилепсия, прогрессивті паралич, маннакалды-депрессиялық психоз және психиканың басқа ауруы)

Тұлғаның өз әрекетінің (әрекетсіздігінің) қоғамға қауіптілігі мен нақты сипатын түсіну мүмкіндігінің болмауы (интеллектуалды кезең)

Уақытша психикалық бұзушылық (мысалы, патологиялық аффект, елесті ауру, жедел жағдай)

Ақыл есінің кемдігі (нақұрыстық, пмбецилдық, қауқарсыздық)

Психиканың басқа сырқаттық жағдайы (мысалы, психопатияның ауыр нысандары, жалпы соматикалық аурулардан пайда болған психикалық бұзушылық)

Керісінше, қоғамға қауіпті іс-әрекет істеген кезде есі дұрыс емес күйде, өзінің іс-әрекеті жөнінде өзіне есеп бере алмайтын, өз әрекетін басқара алмайтын адам қылмыстық құқық бұзушылық *субъектісі бола алмайды*. Яғни, қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып кез келген адам ғана емес, тек есі дұрыс адам танылады. Бұл қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісінің екінші белгісі болып табылады.



Жас мөлшердегі ақыл есінің кемдігі (ҚР ҚК 15 б. 3 б.)

Егер кәмелетке толмаған ҚР ҚК 15 б. 1 және 2 бөліктерінде көзделген жасқа толса

Бірақ психикасының бұзылуына байланысты емес психикалық дамуының артта қалуы

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаса не оларға ие бола алмаса



Ол қылмыстық жауаптылыққа жатпайды

Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психикасы бұзылған адамдардың қылмыстық жауаптылығы (ҚР ҚК 17 б.)

Есі дұрыс
адам

Қылмыстық құқық бұзушылық жасаған уақытта

Психикасының бұзылуы салдарынан

Өзінің әрекеттерінің (әрекетсіздігінің) іс жүзіндегі сипаты мен қоғамға қауіптілігін толық көлемде ұғына алмаған не оларға не бола алмаған

Қылмыстық жауаптылыққа жатады

Есінің дұрыстығы жоққа шығарылмайтын психиканың бұзылуын сот жаза тағайындау кезінде жеңілдететін мән-жай ретінде есепке алады және медициналық сипаттағы мәжбүрлеу шараларын тағайындау үшін негіз бола алады

Масаң күйде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған адамдардың
қылмыстық жауаптылығы (ҚР ҚК 18 б.)

Алкогольді, есірткі, психотроптық заттарды немесе басқа да есенгірететін заттарды
пайдалану салдарынан

Мас күйінде қылмыстық құқық бұзушылық жасаған тұлға

Қылмыстық жауаптылықтан босатылмайды

Қылмыстық кодекстің 15-бабында көрсетілген кейбір қылмыстарды істегені үшін мұндай жауаптылық одан ертерек жаста - *14 жасқа толған* уақыттан басталады. Яғни, қылмыстық заңда көрсетілген белгілі бір жасқа толу қылмыстық құқық бұзушылық субъектісінің қажетті белгісінің бірі болып табылады.

Сонымен қылмыстық құқық бұзушылықтың субъектісі болып қылмыстық заңда көрсетілген *жасқа толған, есі дұрыс жеке адам саналады*.

Қылмыстық құқық бұзушылықты субъектісі *жалпы және арнаулы* болып екі түрге бөлінеді. Есі дұрыс, заңда белгіленген жасқа толу және жеке адам болу сияқты белгілер – барлық қылмыстық құқық бұзушылық тән, ортақ белгілер. Бұл белгілер жалпы субъектінің түсінігін береді.

Қылмыстық құқық бұзушылықтың арнаулы субъектісі –
субъектінің жалпы белгілерімен қоса диспозицияда көзделген қосымша белгілері болады

Мысалы, мыналарға қатысты

Мемлекеттік-
құқықтық жағдайына
(ҚР ҚК 175, 176 б.)

Демографиялық
белгілеріне (мысалы,
жынысына (ҚР ҚК 120 б.),
жасына ҚР ҚК 132, 133,
134 б.)

Отбасылық, туыстық
қатынастарына
(ҚР ҚК 139, 140 б.)

Әскери міндетіне
қатысты
(ҚР ҚК 450, 451 б.)

Қызметіне
(ҚР ҚК 361, 366 б.)

Кәсіби міндетіне
(ҚР ҚК 317, 318 б.)

Орындалатын жұмыс
сипатына
(ҚР ҚК 186 б.)

Лауазымына
(ҚР ҚК 348, 357 б.)

Мемлекетке қатысты
міндеттеріне
(ҚР ҚК 420, 421 б.)

Жәбірленуші үшін ерекше орны
(ҚР ҚК 119 б.)

Қылмыс жасауға байланысты
ерекше жағдайына
(ҚР ҚК 426, 427 б.)



Жалпы субъектінің осы белгілермен қатар, жекелеген қылмыстық құқық бұзушылықты құрамының ерекшелігіне қарай қосымша, арнаулы белгілерді қажет ететін адам қылмыстық құқық бұзушылықты арнаулы субъектісі болып табылады. Мысалы, мемлекеттік қызмет мүддесіне қарсы қылмыстың барлығы дерлік арнаулы мемлекеттік қызметшілер арқылы істеледі. Бұл жерде мемлекеттік қызметші арнаулы субъект болып табылады, әскери қылмыстарды тек әскери қызметшілер істейді, сондықтан әскери қызметшілер де қылмыстың арнаулы субъектісі болып табылады.